



БЕКІТІЛДІ
«Самұрық-Энерго» АҚ
Директорлар кеңесінің
2026 жылғы «02» наурыздағы
шешімі (№ 03/26 хаттама)

«Самұрық-Энерго» АҚ бастамашылық ақпараттандыру саясаты

Құжат иесі	«Комплаенс» қызметі
Редакциясы	2
Жылы	2026

Астана қ.

Мазмұны

1. Мақсаты және жалпы ережелер	3
2. Терминдер мен қысқартулар	3
3. Негізгі қағидаттар	5
4. Қолданылу аясы	6
5. Алаңдаушылық білдіру.....	6
6. Қысым көрсетуден қорғау кепілдіктері	8
7. Әрекет ету шаралары	9
Қосымша.....	11

1. Мақсаты және жалпы ережелер

1. «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – «Қоғам» немесе «біз») корпоративтік басқарудың, ашықтықтың және есептіліктің ең жоғары стандарттарына ұмтылады. Біз өз қызметімізді әрдайым «Самұрық-Энерго» АҚ-ның мінез-құлық кодексінде (бұдан әрі – Мінез-құлық кодексі) қабылданған құндылықтарымызға, қағидаттарымызға және мінез-құлық стандарттарына негіздей отырып жүзеге асырамыз және өз қызметімізді жүзеге асыру барысында сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністеріне толық төзбеушілік қағидатын ұстанамыз.

2. Біз мінез-құлық қағидаттары мен стандарттарының бұзылуына қатысты тәуекелдерді басқару, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа қарсы күрес жөніндегі нұсқаулығының талаптарын сақтау мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Бастамашылық ақпараттандыру саясатын (бұдан әрі – Саясат) енгіздік және қабылдадық.

3. Осы Саясат «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне, Мінез-құлық кодексіне, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына, Қоғам қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға, сондай-ақ іскерлік этика және сәйкестікті қамтамасыз ету (комплаенс) саласындағы үздік тәжірибелерге, оның ішінде тиісті халықаралық стандарттарға сәйкес әзірленді.

4. Осы Саясат дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 100%-ы меншік құқығында немесе сенімгерлік басқару құқығында Қоғамға тиесілі Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарына (бұдан әрі – ЕТҰ) қатысты қолданылады. Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) меншік құқығындағы немесе сенімгерлік басқарудағы тиесілілігі Қоғамда 100%-дан аз ЕТҰ-ларға қатысты осы Саясаттың қолданылуы аталған ЕТҰ-лардың басқару органдарымен келісіліп, бекітіледі.

5. Кез келген ереже бұзушылық, атап айтқанда Мінез-құлық кодексін сақтамау, Қоғамның және/немесе ЕТҰ-ның қызметі мен беделіне елеулі зиян келтіруі мүмкін. Осыған байланысты біз өз қызметкерлерімізден талап етеміз және өзге де мүдделі тұлғаларды Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, Мінез-құлық кодексін, Қоғамның және/немесе ЕТҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарын сақтамау фактілері туралы өз алаңдаушылығын білдіруге ынталандырамыз.

6. Осы Саясат Қоғамның және ЕТҰ-ның корпоративтік веб-сайтында орналастырылуы тиіс.

2. Терминдер мен қысқартулар

Термин/қысқарту	Анықтамасы
Ішкі тексеру	«Самұрық-Қазына» АҚ тобының комплаенс функциясының корпоративтік стандартында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен жүзеге асырылатын, Қоғамның/ЕТҰ-ның тапсырма бойынша комплаенс функциясымен дербес немесе бейінді бөлімшелерді тарта отырып жүргізілетін тексеру іс-шараларының кешені. Тергеудің мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасын және ішкі нормативтік актілерді орын алуы мүмкін бұзушылық фактілерін анықтау және растау, бұзушылықтың туындауына ықпал еткен жағдайларды талдау және бағалау, сондай-ақ оның нәтижелері негізінде негізделген шешім қабылдау болып табылады
Қоғамның компаниялар тобы	«Самұрық-Энерго» АҚ және оның ЕТҰ
ЕТҰ	Еншілес және тәуелді ұйымдар
Мүдделі тұлғалар	Жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, жеке немесе заңды тұлғалар топтары, олар Қоғам компаниялар тобының қызметіне, оның өнімдері мен көрсетілетін қызметтеріне ықпал ететін, тікелей немесе жанама ықпалға ұшырауы мүмкін, сондай-ақ заңнама нормаларына, жасалған шарттарға (келісімшарттарға) немесе өзге де негіздерге байланысты өздерін осындай ықпалға ұшыраймыз деп есептейтін тұлғалар. Мүдделі тараптардың/тұлғалардың негізгі өкілдері (тек бұлармен шектелмей) басқару органдарының, атқарушы органдардың мүшелері, қызметкерлер, клиенттер, жеткізушілер, мемлекеттік органдар, еншілес ұйымдар, облигацияларды ұстаушылар, кредиторлар, инвесторлар, қоғамдық ұйымдар, қоғам компаниялары тобының қызметі жүзеге асырылатын өңірлердің халқы болуы мүмкін.
Бастамашылық ақпараттандыру арнасы (жедел желі)	Оператор әкімшілендіретін байланыс құралдары «Жедел желі» сайты, телефон байланысын, электрондық поштаны, WhatsApp мессенджерін қоса алғанда, Қоғам компаниялары тобының қызметі мәселелері бойынша өтініштер мен хабарламаларды қабылдауға арналған, олардың деректемелері Қоғам компаниялары тобының ресми сайттарында жарияланады
Комплаенс қызметі	Комплаенс функциясын іске асыруға жауапты құрылымдық бөлімше немесе тұлға, не негізгі міндеті тиімді комплаенс жүйесін құру, комплаенс тәуекелдерін басқаруға мониторинг жүргізу және «Самұрық-Қазына»"

АҚ, Қоғамның/ЕТҰ ішкі құжаттарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру болып табылатын Қоғамда/ЕТҰ-да тиісті қызметтер көрсету үшін тартылатын адамдар

7. Осы Саясатта қолданылатын, бірақ түсіндірілмеген анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және өзге де ішкі құжаттарында пайдаланылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

3. Негізгі қағидаттар

8. Бастамашылық ақпараттандыруға бейілділік және ереже заң бұзушылықтарға нөлдік төзімділік

Қоғам және ЕТҰ бастамашылық ақпараттандыруды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және комплаенс жүйесінің негізгі элементтерінің бірі ретінде таниды және Қазақстан Республикасының заңнамасын, Мінез-құлық кодексін және ішкі нормативтік құжаттарды заң бұзушылықтарға нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады. Орын алуы мүмкін заң заң бұзушылықтар туралы кез келген хабарламалар олар қатысты тұлғалардың мәртебесі мен лауазымына қарамастан қаралуға жатады.

9. Қолдау және «жоғарыдан үн»

Қоғамның және ЕТҰ-ның басқару органдары мен атқарушы органдарының мүшелері бастамашылық ақпараттандыруға бейілділікті көрсетеді, ашықтық пен сенім мәдениетін қалыптастырады, сондай-ақ қызметкерлер мен өзге де мүдделі тұлғаларға жағымсыз салдардан қорықпай, еркін әрі адал түрде алаңдаушылық білдіруіне жағдай жасайды.

10. Ақпараттандыру кезіндегі адалдық және жауапкершілік

Бастамашылық ақпараттандыру заң бұзушылықтың бар екендігі туралы негізді болжамға сүйене отырып, адал ниетпен және арам пиғылсыз жүзеге асырылуы тиіс. Қоғам және ЕТҰ алаңдаушылық білдірген тұлғаның адалдығын негізге алып, және одан өз бетінше тексеру жүргізуді немесе дәлелдемелер жинауды талап етпейді.

11. Қорғау кепілдіктері және қысым көрсетуге жол бермеу

Қоғам және ЕТҰ заң заң бұзушылықтар туралы адал ниетпен хабарлаған қызметкерлер мен өзге де мүдделі тұлғаларды қысым көрсетудің, кемсітудің немесе жағымсыз салдардың кез келген нысандарынан қорғауды қамтамасыз етеді. Қорғау кепілдіктері тексеруге немесе тергеп-тексеруге жәрдемдесетін тұлғаларға да қолданылады. Алаңдаушылық білдірген тұлғаларға қысым көрсету Қоғам мен ЕТҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарын өрескел бұзу болып есептеледі.

12. Құпиялылық, анонимділік және хабарлау арналарының тәуелсіздігі

Қоғам және ЕТҰ хабарлама авторының жеке басының құпиялылығын, сондай-ақ анонимді негізде бастамашылық ақпараттандыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Хабарлау жүйесіне деген сенімді және оның тәуелсіздігін арттыру мақсатында

Қоғам және ЕТҰ бастамашылық ақпараттандырудың сыртқы арналарын пайдаланады және хабарламаларды тәуелсіз үйлестіру мен есепке алуды Қоғамның «Комплаенс» қызметі арқылы қамтамасыз етеді.

13. Әрекет етудің объективтілігі, барабарлығы және тиімділігі

Бастамашылық ақпараттандыру шеңберінде келіп түскен барлық хабарламалар объективті, бейтарап және ақылға қонымды мерзімдерде қаралады. Қабылданатын шаралар анықталған заң бұзушылықтардың сипатына сай және тек кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тартуға ғана емес, сондай-ақ заң заң бұзушылықтарға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жоюға және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруге бағытталады.

4. Қолданылу аясы

14. Осы Саясат Қоғам компаниялар тобының қызметкерлері мен өзге де мүдделі тұлғалардың Қоғамның немесе ЕТҰ-ның қызметіне байланысты жасалған, жасалып жатқан немесе орын алуы мүмкін заң заң бұзушылықтар туралы хабарлау кезіндегі әрекеттер тәртібін белгілейді.

15. Осы Саясат Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде қолданылмайды.

16. Осы Саясатқа сәйкес қаралатын заң бұзушылық түрлері оған қосымшада келтірілген.

5. Алаңдаушылық білдіру

17. Қоғам компаниялар тобының қызметкерлері мен мүдделі тұлғаларының Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, Мінез-құлық кодексін және ішкі нормативтік құжаттарды сақтау мәселелері бойынша алаңдаушылықтарын кез келген қолжетімді арналар арқылы және қысым көрсетуден қорықпай білдіруі күпталатын ашық ортаны қалыптастыруға ықпал етеді.

18. Жоғарыда көрсетілген қолданылу салаларына қатысты негізді алаңдаушылығы бар кез келген қызметкер немесе өзге де мүдделі тұлға мұндай алаңдаушылық туралы ақылға қонымды қысқа мерзімде хабарлауы тиіс. Бұл ретте алаңдаушылық адал ниетпен, шынайы және арам пиғылсыз білдірілуі маңызды. Сонымен бірге, қызметкерден немесе мүдделі тұлғадан қандай да бір тергеп-тексеру жүргізу талап етілмейді.

19. Қызметкерлер мен мүдделі тұлғалар өз таңдауы бойынша орын алуы мүмкін заң бұзушылық туралы, оның ішінде құпия немесе анонимді негізде хабарлай алады.

20. Қоғам компаниялар тобында сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, кемсіту және әдепке қайшы мінез-құлық фактілері, мінез-құлық кодексінің талаптарын бұзу,

сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне тікелей немесе жанама қатысты өзге де фактілер бойынша хабарламаларды қабылдау үшін бастамашылық ақпараттандыру арнасы (жедел желі) жұмыс істейді.

21. Қоғам компаниялар тобы бастамашылық ақпараттандыру арнасына (жедел желіге) деген сенімді арттыру маңыздылығын мойындайды, бұл Қоғам компаниялар тобының қызметкерлері мен өзге де мүдделі тұлғаларға олардың хабарламалары тиісті түрде қаралатынына және тиісті шаралар қабылданатынына сенімді болуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты жедел желі тәуелсіз үшінші тарапқа алаңдаушылық білдіру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін сыртқы оператор арқылы әкімшілендіріледі.

22. Жедел желі заң заң бұзушылықтар туралы хабарламаларды қабылдауға, хабарлама авторларына кері байланыс беруге және анонимділікті, құпиялылықты және тәулік бойы қолжетімділікті қамтамасыз етуге арналған, сыртқы оператор әкімшілендіретін бастамашылық ақпараттандыру арналарының жүйесін көздейді.

23. Бастамашылық ақпараттандыру арнасының (жедел желінің) жұмысы туралы қызметкерлер мен мүдделі тұлғалардың хабардар болуын арттыру мақсатында корпоративтік пошта арқылы ақпараттық тарату жүзеге асырылады, Қоғам/ЕТҰ кеңсесінде постерлер немесе плакаттар орналастырылады, сондай-ақ жедел желінің өзекті байланыс деректері көрсетілген ақпарат корпоративтік сайтта жарияланады.

24. Бастамашылық ақпараттандыру арналарына қосымша ретінде қызметкерлер сондай-ақ:

а) тікелей басшысына – жеке кездесу барысында немесе жазбаша нысанда жүгіне алады. Жазбаша өтініште алаңдаушылық тудыратын мәселенің алғышарттары мен хронологиясын баяндап, алаңдаушылық себептерін көрсету ұсынылады;

б) жоғары басшысына – егер қаралып отырған мәселе тікелей басшысына қатысты болса немесе қызметкер бұл мәселені онымен талқылауды қаламаса. Мәселені және алаңдаушылық себептерін жазбаша түрде нақты баяндау ұсынылады;

с) Омбудсменге – егер мәселе еңбек дауларына, қақтығыстарға, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерге, кемсітуге, харассментке, буллингке, мінез-құлық кодексіне қатысты болса. Өтініш ауызша немесе жазбаша нысанда болуы мүмкін;

д) қауіпсіздікке жауапты құрылымдық бөлімшеге – экономикалық, ақпараттық, ішкі қауіпсіздікке қатер туындауы, қызметтік, коммерциялық құпияны немесе инсайдерлік ақпаратты құрайтын ақпараттың таралуы, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу мәселелері бойынша;

е) «Комплаенс» қызметіне немесе ЕТҰ-ның комплаенс функциясына – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, Мінез-құлық кодексін, Қоғамның немесе ЕТҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарын бұзудың кез келген мәселелері бойынша, сондай-ақ өзге арналар мәселені шешуге мүмкіндік бермеген жағдайда немесе қызметкер мәселені басшылықпен талқылауды қаламаған кезде өтініш бере алады.

25. Хабарламаларды алушылардың міндеттеріне мыналар жатады:

- a) орын алуы мүмкін заң заң бұзушылықтар туралы хабарламаларды қабылдау;
- b) әрбір хабарламаны мұқият, тиісті ретпен қарау;
- c) қызметкерлердің осы Саясат туралы хабардар болуын қамтамасыз ету;
- d) алаңдаушылық білдіру үшін ашық жұмыс ортасын ынталандыру;
- e) хабарлама авторына ұсынымдар беру немесе мәселені жеке қарау;
- f) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес ішкі тергеп-тексеру жүргізу қажеттігіне бастамашылық ету;
- g) шешу мүмкін болмаған жағдайда хабарламаны «Комплаенс» қызметіне жолдау;
- h) хабарлама авторына анонимділік пен қысым көрсетуден қорғау кепілдіктерін қамтамасыз ету.

26. Қоғамның/ЕТҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарының ешбір ережесі қызметкерлер мен өзге де мүдделі тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасын ықтимал бұзу туралы тиісті мемлекеттік органдарға тікелей хабарлауға тыйым салуды қамтымауы тиіс.

6. Қысым көрсетуден қорғау кепілдіктері

27. Әдетте орын алуы мүмкін заң заң бұзушылықтар туралы алғашқылардың бірі болып қызметкерлер хабардар болады. Алайда көптеген қызметкерлер түрлі себептерге байланысты бөлімше басшысына немесе Қоғамның/ЕТҰ-ның басшылығына алаңдаушылық білдіруді қолайсыз деп санауы мүмкін, мәселені жеткілікті дәрежеде маңызды емес деп бағалауы немесе алаңдаушылық білдіруді Қоғамға/ЕТҰ-ға адал еместік ретінде қабылдайды деп ойлауы, не болмаса мәселені елемеу оңайырақ деп санауы мүмкін. Осыған байланысты Қоғам заң бұзушылықтар туралы ақпарат беретін қызметкерлерге және өзге де мүдделі тұлғаларға қысым көрсетуден қорғайды.

28. Қоғам осы Саясатқа сәйкес заң бұзушылықтар туралы адал ниетпен хабарлаған тұлғаларға қатысты қысым көрсетудің, кемсітудің немесе жағымсыз салдардың кез келген нысандарына қатаң түрде жол бермейді.

29. Қысым көрсету деп тікелей немесе жанама кез келген жағымсыз әрекеттер, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: жұмыстан шығару, лауазымын төмендету, еңбек жағдайларын нашарлату, жалақыны қысқарту, сыйақылар мен бонустардан айыру, қорқыту, үркіту, әлеуметтік оқшаулау, жұмысты негізсіз сынға алу түсініледі.

30. Қысым көрсетуден қорғау кепілдіктері қызметкерлерге және өзге де мүдделі тұлғаларға, сондай-ақ тексеру (тергеп-тексеру) жүргізген немесе оны жүргізуге жәрдемдескен тұлғаларға қолданылады.

31. Қысым көрсетудің алдын алу мақсатында Қоғамның/ЕТҰ-ның өтінішті тексеруге тартылған қызметкерлері хабарлама авторының жеке басының қатаң

құпиялылығын қамтамасыз етеді және тексеру (тергеп-тексеру) туралы ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғалар шеңберін шектейді.

32. Қысым көрсету туындаған жағдайда хабарлама авторы бұл туралы дереу «Комплаенс» қызметіне хабарлауы немесе Бастамашылық ақпараттандыру арналары арқылы жүгінуі тиіс. «Комплаенс» қызметі қысым көрсетуді тоқтату бойынша шаралар қабылдауға және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мерзімдерде ішкі тергеп-тексеру жүргізуге міндетті.

33. Қысым көрсету фактілері расталған жағдайда, қысым көрсетуге кінәлі тұлғаларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген жауапкершілік шаралары қолданылады.

34. Қоғам қызметкерлерді көрінеу жалған айыптаулардан қорғайды. Адал емес әрекет ететін немесе жеке пайда табу мақсатында және/немесе жаман пиғылмен айыптаулар жасайтын қызметкерлерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жауапкершілік шаралары қолданылуы мүмкін.

7. Әрекет ету шаралары

35. Бастамашылық ақпараттандыру арналарына келіп түскен хабарламалар сыртқы оператор арқылы тіркеледі және жедел желінің ақпараттық жүйесі арқылы Қоғамға жолданады. Хабарлама авторына жауап жедел желінің тиісті байланыс арналары арқылы беріледі.

36. Келіп түскен барлық хабарламалар авторының анонимді немесе сәйкестендірілетін тұлға болуына қарамастан жан-жақты тексерілуге жатады. Сонымен бірге, Қоғам егер анонимді хабарламаларда объективті тексеру жүргізуге мүмкіндік беретін нақты фактілер, расталған мәліметтер немесе дәлелдемелер болмаса, не олар нақты фактілер мен расталған мәліметтерсіз жекелеген тұлғаларды қаралауға бағытталған және қорқыту сипатында болса, оларды қарамауға құқылы.

37. Бастамашылық ақпараттандыру желісінің үйлестірушісі «Комплаенс» қызметі болып табылатындықтан, Саясаттың 24-тармағының а)–d) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар келіп түскен хабарламалар туралы орталықтандырылған есепке алу мен үйлестіруді қамтамасыз ету үшін 1 (бір) жұмыс күні ішінде «Комплаенс» қызметін немесе ЕТҰ-ның комплаенс функциясын хабардар етуге міндетті. «Комплаенс» қызметі немесе ЕТҰ-ның комплаенс функциясы мұндай хабарламаларды алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жедел желінің ақпараттық жүйесінде тіркейді. Хабарлама авторына жауап хабарламаны алушы тарапынан «Комплаенс» қызметін міндетті түрде хабардар ете отырып беріледі.

38. Хабарламаларды қарау тәртібі Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттеледі.

39. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мәселелеріне, тапсырыс берушінің, жеткізушінің, делдалдың, ұйымдастырушының,

конкурстық комиссияның, сараптамалық комиссияның, «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторының әрекеттері мен шешімдерін даулауға қатысты хабарламалар жедел желінің ақпараттық жүйесінде тіркелмейді, бұл туралы хабарлама авторы жүгінген кезде хабардар етіледі. Сыртқы оператор хабарлама авторына осы мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Самұрық-Қазына» Ұлттық әлауқат қоры» акционерлік қоғамы және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде меншік құқығында немесе сенімгерлік басқаруда «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі заңды тұлғалармен сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне сәйкес zakur.sk.kz сатып алу веб-порталына жүгіну қажеттігі туралы кері байланыс беруге міндетті.

40. Қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін фактілер туралы хабарламалар Қоғам тарапынан қаралмайды. Негізді алаңдаушылық білдірген тұлғаға уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгіну қажеттігі туралы хабарлануы тиіс. Уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгіну қажеттігі туралы тұлғаға хабарлау мүмкін болмаған жағдайда, ақпарат әрі қарай қарау және Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына жолдау үшін «Комплаенс» қызметіне және Қоғамның қауіпсіздікке жауапты құрылымдық бөлімшесіне жіберіледі.

41. COMPLAENS функциясы мерзімді негізде жедел желіге және «Комплаенс» қызметіне келіп түскен хабарламаларды қарау және ішкі тергеп-тексеру нәтижелері бойынша Қоғамның/ЕТҰ-ның басқару органының қарауына есеп ұсынады.

**«Самұрық-Энерго» АҚ -ның
Бастамашылық ақпараттандыру
Саясатына
Қосымша**

Осы Саясатқа сәйкес қаралатын заң бұзушылықтардың түрлері

Түрі	Түр тармағы
Сыбайлас жемқорлық белгілері бар заң бұзушылықтар	Өкілеттіктерді асыра пайдалану және қызметтік жағдайды теріс пайдалану
	Заңсыз сыйақы мен сыйлық алу
	Мүдделерді қолдау және негізсіз артықшылықтарға ие болу
Деректерді ұрлау, алаяқтық және бұрмалау	Активтерді иемдену, жымқыру, ұрлау және мақсатсыз пайдалану
	Алаяқтық және қаржылық алаяқтық
	Қаржылық, бухгалтерлік немесе кез келген өзге есептілік деректерін қасақана бұрмалау
	Жазбалар мен құжаттарды бұрмалау, құжаттарды бұрмалау
	Ішкі процестерді реттейтін құжаттарға жалған деректер енгізу
Этикалық заң бұзушылықтар мен еңбек қақтығыстары	Кемсітушілік және харассмент
	Корпоративтік мәдениет пен мінез-құлық стандарттарын сақтамау
	Еңбек құқықтарының бұзылуы және жалдау мен еңбектің тең емес шарттары
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзу, оның ішінде мүдделер қақтығысы (сыбайлас жемқорлық белгілерінсіз)
Еңбек қауіпсіздігі және экология	Еңбек қауіпсіздігі стандарттарын бұзу
	Экологиялық нормалар мен талаптарды бұзу
Заңнамалық және ішкі талаптарға сәйкес келмеу	ҚР Заңнамасының және ішкі талаптардың шарттарын бұзу
	Сатып алу рәсімдерінің талаптарын бұзу
	Құпия ақпаратты жария ету
	Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану



**«Самұрық-Энерго» АҚ бастамашылық
ақпараттандыру саясаты**

2 редакция

12 парақтың 12 беті

Өзге де заң
бұзушылықтар

Қазақстан Республикасының заңнамасын және
Қоғамның ішкі талаптарын бұзу